

## Сақтандыруды және қайта сақтандыруды инспекциялау туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 306 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 19 қарашада тіркелді. Тіркеу N 982. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 (V042845) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының инспекция жүргізу шарттарын реттеу және Қазақстан Республикасының сақтандыру заңдарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Сақтандыруды және қайта сақтандыруды инспекциялау туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі олардың қызметіне инспекция жүргізген кезде Сақтандыруды және қайта сақтандыруды инспекциялау туралы нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес тексеру жүргізуге жағдай жасауды қамтамасыз ететін болсын.

3. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыруды және қайта сақтандыруды инспекциялау туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күн ішінде осы қаулы мен Сақтандыруды және қайта сақтандыруды инспекциялау туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, мүдделі бөлімшелері мен облыстық филиалдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З.Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н  
Ұ л т т ы қ

Р е с п у б л и к а с ы  
Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң

**Сақтандыруды және қайта сақтандыруды  
инспекциялау туралы нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) қызметін инспекциялауға (тексеруге) байланысты негізгі шарттарды және рәсімдерді белгілейді.

**1. Жалпы ереже**

1. Сақтандыру ұйымдарына оның нақты қаржылық және институционалдық жай-күйі туралы деректерді анықтау, бүкіл қызметін немесе жекелеген мәселелерді талдау, оның заң талаптарын орындауын тексеру мақсатында инспекция жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) сақтандыруды қадағалаушы уәкілетті мемлекеттік орган ретінде сақтандыру ұйымына өз өкілеттігі шегінде жан-жақты тексеру жүргізуге немесе оны жекелеген мәселелер бойынша тексеруге құқығы бар.

3. Сақтандыру ұйымына Ұлттық Банктің тапсырмасы негізінде инспекция жүргізіледі, онда тексерілуге тиісті негізгі мәселелер, инспекция жүргізу мерзімі, инспекция жүргізуші топтың басшысы және құрамы туралы деректер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау жөніндегі өкілеттіктер көрсетіледі.

*Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

4. Ұлттық Банктің сақтандыру ұйымына болашақта оның қызметіне инспекция жүргізу туралы алдын ала хабарлауға құқығы бар. Сақтандыру ұйымы инспекция жүргізуші топқа өткізілуге тиісті қажетті құжаттарды тексеру жүргізудің алдында дайындап қоюға міндетті. Сақтандыру ұйымының қызметіне алдын ала хабарламай-ақ инспекция жүргізуге болады.

**2. Инспекция жүргізу**

5. Инспекция жүргізуші топ жұмысын өз бетінше ұйымдастырады және оның зерттеу үшін сақтандыру ұйымынан барлық қажетті құжаттарды, оның ішінде инспекциялау нәтижесі туралы есепке тіркеп қою үшін олардың көшірмесін алуға құқы бар. Тараптар құжаттарды тиісті қабылдау-өткізу актіні ресімдеу жолымен қабылдап өткізуге тиіс.

Инспекция жүргізуші топтың басшысы тексеру жүргізілетін сақтандыру ұйымының басшысына сұрату жіберуге құқылы.

*Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

5-1. Әрбір тексерілген учаске бойынша инспекция жүргізуші топтың жұмыс есебі жасалып, сақтандыру ұйымына қарауға ұсынылады.

Ескертулер болмаса, сақтандыру ұйымы жұмыс есебіне қол қояды. Жұмыс есебінің мазмұнына ескертулер болған жағдайда сақтандыру ұйымы жұмыс есебіне қол қойып, өзінің наразылығын білдіреді, ол инспекция жүргізуші топтың қарауына жатады.

*Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен.*

6. Сақтандыру ұйымының міндеті:

1) қажетті құжаттарды (мәліметтерді) дайындауға және оларды инспекция жүргізуші топқа уақтылы өткізуге жауапты мамандарды белгілеу;

2) инспекция жүргізуші топқа жұмыс істеу үшін жеке бөлме және (сақтандыру ұйымымен келісе отырып) демалыс күндерін қосқанда сақтандыру ұйымының әкімшілік ғимаратына кіруге рұқсат беру;

3) өз қызметкерлерінің және штаттан тыс қызметкерлерінің инспекция жүргізуші топ мүшелерінің сақтандыру ұйымының қызметіне қатысты сұрақтарына түсініктеме беруді (ауызша немесе жазбаша) қамтамасыз ету;

4) инспекция жүргізуші топқа инспекцияны уақтылы аяқтауға көмектесу.

7. Инспекция жүргізуші топтың мүшелері сақтандыру ұйымына инспекция жүргізген кезде сақтандыру ұйымынан алынған құжаттардың бүтіндігін және олардағы ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Сақтандыру ұйымына инспекция жүргізу аяқталғаннан кейін үш апта мерзімде инспекция жүргізуші топтың басшысы тексеру нәтижелері туралы қорытынды есеп жасайды және оны Ұлттық Банктің қаржылық қадағалау бөлімшесінің (бұдан әрі - қаржылық қадағалау бөлімшесі) басшысы мақұлдағаннан кейін тексеру жүргізілетін сақтандыру ұйымына қол қоюға жібереді. Қорытынды есепте тапсырмада көзделген мәселелер тиісті бөлімдерге біріктіріледі.

Тексеруге қатысты мәселелер бойынша Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінен немесе үшінші тұлғалардан қосымша мәліметтер, қорытындылар алу қажет болған жағдайда қаржылық қадағалау бөлімшесінің басшысы инспекциялау нәтижелері жөніндегі есепті дайындау мерзімін ұзартуы мүмкін.

*Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен.*

9. Сақтандыру ұйымы инспекциялаудың қорытынды есебін алған күннен бастап он күндік мерзімде оған қол қойып Ұлттық Банкке жібереді.

Қорытынды есеппен келіспеген жағдайда, сақтандыру ұйымының өзінің

жазылған қарсы пікірін қоса тіркеуге құқы бар.

*Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

10. Сақтандыру ұйымына инспекция жүргізу жөніндегі тиісінше ресімделген қорытынды есеп екі данада жасалады, оның біреуі қаржылық қадағалау бөлімшесінде сақталады, ал екіншісі сақтандыру ұйымына жіберіледі.

*Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

11. Инспекциялау қорытындысы Ұлттық Банктің өз қызметін қамтамасыз етуіне ғана пайдаланылуға тиіс.

12. Сақтандыру ұйымының инспекциялау қорытындысы туралы есепті заң актілерінде тікелей көзделген жағдайда болмаса, өзінің қаржылық күш-қуатын дәлелдеуге, жарнамалық немесе басқа да мақсатқа пайдалануға, осы құжатты ( көшірмесін) Ұлттық Банктің рұқсатынсыз үшінші адамға беруге құқығы жоқ.

13. Инспекция жүргізуге кедергі жасаған жағдайда, оның лауазымды адамына , Сақтандыру ұйымына заңда көзделген негізде және тәртіппен тиісті шара қолдана алады.

14. Сақтандыру ұйымына инспекция жүргізу қорытындысын қаржылық қадағалау бөлімшесінің басшысында өтетін сақтандыру ұйымдарының басшылары шақырылған мәжілісте қарауға болады.

*Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

15. Жекелеген жағдайда инспекция жүргізу қорытындысын Ұлттық Банктің Төрағасында немесе оның қаржылық қадағалау бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасарында өтетін мәжілісте қарауға болады.

*Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

16. Инспекциялау нәтижесі туралы есепте баяндалған қорытындыларды Ұлттық Банктегі осындай талқылаудың қорытындысы бойынша түзетуге болады.

17. Ұлттық Банк сақтандыру ұйымының қызметіне жекелеген мәселелер төңірегінде инспекция жүргізген жағдайда, акт қорытынды, жұмыс есептері ж а с а л м а й р е с і м д е л е д і .

*Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысымен .*

### **3. Қорытынды ережелер**

18. Қаржылық және басқа да есеп жүргізуде сақтандыру ұйымының құжаттық мәліметтері инспекциялау нәтижесі туралы есепте келтірілген мәліметтермен сәйкеспеген жағдайда, сақтандыру ұйымы өзі жүргізген есепті аталған есептің нәтижесіне сәйкес келтіруге міндетті.

19. Сақтандыру ұйымы инспекциялау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімнің ішінде инспекциялау кезінде анықталған кемшіліктерді жою жөнінде қолданылған шара туралы жазбаша ақпаратты Ұлттық Банкке тапсыруға міндетті

20. Инспекциялауды жүзеге асырған адамдар сақтандыру құпиясын немесе коммерциялық құпияны жария еткені үшін жауап береді.

21. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК